

**“2020 – 2022 жылдарға арналған Қаракеткен ауылдық округінің бюджеті туралы”
Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-10 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 23 қарашадағы № 66-10 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 26 қарашада № 7812 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

“Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі” Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына және “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. “2020 – 2022 жылдарға арналған Қаракеткен ауылдық округінің бюджеті туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-10 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7149 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және 2020 жылғы 18 қаңтарда “Жалағаш жаршысы” газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

“1. 2020 – 2022 жылдарға арналған Қаракеткен ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 74 331 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1779 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 30 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;

трансферттер түсімдері – 72 522 мың теңге;

2) шығындар – 74 331 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0;
 қарыздар түсімі – 0;
 қарыздарды өтеу – 0;
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0.”

Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Жалағаш аудандық мәслихатының 66-сессиясының төрағасы
 Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы

К. Сулейменов
 М. Еспанов
 Жалағаш аудандық мәслихатының
 2020 жылғы 23 қарашасы № 66-10
 шешіміне қосымша
 Жалағаш аудандық мәслихатының
 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 51-10
 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Қаракеткен ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			Кірістер	74 331
1			Салықтық түсімдер	1 779
	01		Табыс салығы	76
		2	Жеке табыс салығы	76
	04		Меншікке салынатын салықтар	1703
		1	Мүлікке салынатын салықтар	17
		3	Жер салығы	63
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1623
2			Салықтық емес түсімдер	30
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	30
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	30
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0

	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
4			Трансферттердің түсімдері	72 522
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	72522
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	72522
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			Шығындар	74 331
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25 324
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25324
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24924
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
05			Денсаулық сақтау	44
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент	44

			, ауылдық округ әкімінің аппараты	
		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	44
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 622
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2622
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	2622
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	2 376
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	2376
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	750
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	462
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1164
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	31 903
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	31903
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	31903
13			Басқалар	1 281
			Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент	

	124		, ауылдық округ әкімінің аппараты	1281
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1281
15			Трансферттер	10 781
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	10781
		051	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	10781
			Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК